



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. -Алматы: Білім, 1997. -176б.
2. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, -Алматы: Жазушы, 1990. -720 б.
3. Қалиұлы С., Қазақ энциклопедиясының теориялық негіздері мен тарихы (Оқу құралы). –Алматы: Білім, 2003. -280 б.
4. Жұмағұлов Б.Т. Патриотизм және азаматтық ұстаным // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2011. - № 260 – 263 (2661), 21 маусым. – Б.2-4.
5. Бегалин С. Шығармалар жинағы, -Алматы: Жазушы, 1966. -120б.

ӨОЖ 37.037

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӘНІ

Алпамысова Ләззат Жақсылыққызы

Lazzat.alpamysova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының 2-курс студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: – Шолпанқұлова Г.К.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей [1], қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

С.А.Назарбаева «Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қажетті гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады» - деп тұжырымдайды [2].

«Өзін-өзі тану» курсы адамның өзін-өзі табуына, ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзінің кейпін өзгертпеуге, адамгершілігін және әрқашан адам қалпын сақтауға көмектеседі. Негізінде, адамзат тарихының өзі адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі жетілдірудің тұрақты және үздіксіз үрдісі болып табылады. Демек өзін-өзі тану белгілі бір сала бойынша білімді жинақтау ғана емес, адамның өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыруын, тұлғалық дамуына ұмтылысын жүзеге асыруды, шығармашылық белсенділікке, өзімен және өзін қоршаған ортамен үйлесімділікке қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Гуманизмге негізделген мемлекеттің атқаратын қызметтерінің ішінде әлеуметтік қызмет аса маңызды орын алады.

Сондықтан оқушылардың пәнге ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауын, жөнсіз әрекетке бармауын, әр іске назар аударып

жауапкершілікпен қарауды, ой елегінен өткізіп ойлануды қалыптастырады, бағдарламалық материалдарды жеңіл, тез меңгеруге септігін тигізеді.

«Өзін-өзі тану» сабағында мұғалім сабақтың мақсаты, тақырыбы, мазмұнына байланысты оқушылардың ой-өрісінің даму дәрежесі мен мектептің оқу материалдық жағдайын ескере отырып, құрылымын белгілейді, сонымен бірге сабақта пайдаланатын педагогикалық технологияны тандайды..

Технология соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Ол қайсы бір болмасын табиғаттың, әлеуметтік объектілер мен іс-әрекеттер туралы білімді түрлендірудің тиімді әдістері бойынша ғылыми-практикалық білімнің негізгі формасы ретінде белгілі мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама әлі де болса бір жүйеге келген жоқ.

«Технология» сөзі грек тілінен аударылғанда (techne - шеберлік, өнер, және logos - ұғым, ілім) деген мағынаны білдіреді [3].

Бүгінде бұл ұғым төрт деңгейде қарастырылады: *философиялық* (анықтама өте қысқа нақты беріледі және онда міндетті түрде белгісінің болуы ескеріледі); *пәнаралық* (басқа көрнекі белгілері болуы қажет); *қорытындылау* (ең алдымен кішігірім белгілер көрініс алады); *эмпирикалық* (бұл ерекшеліктер ұғымдарды практика саласында қысқарта пайдалану арқылы толықтырылады).

В.П.Беспалько педагогикалық технологияны қойылған білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негізделген процестерін жаңадан өндірудің, еске түсірудің құралдар мен әдістер жиынтығы ретінде анықтайды [4].

В.М.Монахов педагогикалық технология – мұғалім мен оқушы үшін жағымды жағдайды қамтамасыз ететін оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізуде барлық бөлшегіне дейін ойластырылған бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің үлгісі. Технологияның міндеттерін түсіндіре отырып: педагогикалық технологиялық жобалаудағы жетекші қағидасы-оқушының жеке белсенділігі, мұнда ең бастысы - білімді меңгеруге іштей қалыптасқан қызығушылығы мен ынтасы, білім алу іскерлігі – деп жазады [5].

Г.М.Құсайыновтың есебінше педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа – ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру үрдісі емес, ол кәсібі ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұнымен оқу жоспарымен бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір салаларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады [6].

В.А.Сластенин бойынша педагогикалық технология деген ол қатал ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елестету [7].

Әлеуметтік педагогика сөздігінде «технология - алға қойған мақсаттарға жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер мен әсерлердің жиынтығы деп мазмұндалады [8].

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология – кешенді үдеріс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалардың шешімін басқаруды қамтиды. Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В. Б. Беспалько, В. В. Данилов, В. К. Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибе арқылы жүзеге асуы (Е. Н. Ильина, С. Н. Лысенкова, В. Ф. Шаталов және т.б.)

Сонымен оқыту технологиясы оқыту үдерісінің алдын ала жоспарланған, диагностикалық қойылған мақсатына практикада жүйелілікпен және бірізділікпен жету құралдары болып табылады.

Әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психикалық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қарауда мұғалім іс-әрекетінің маңызы зор.

Жалпы алғанда педагогикалық технология түрлерін тандау білім беру саясатында, білім беру реформасына, дидактикалық тұжырымдамаға немесе оқыту теориясы мақсатымен тәрбиелеу және оқыту міндеттеріне, педагогтың кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттеріне, әдіснамалық бағытына байланысты жүзеге асырылады.

Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Бүгінгі өзекті мәселе оқушылардың дара ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту. Ал мұнда инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары.

«Инновация» деген сөз – латынның «novis» жаңалық және «ip» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді [9].

XX ғасырдың 80-жылдары Ресейде жаңашыл – мұғалімдер топтары қалыптасады, олардың әрқайсысы баланы оқыту, тәрбиелеу және дамытуда өзіндік жаңалықтары болады, олар ең жоғарғы нәтижелер береді. Сонымен бірге олардың жалпы ортақ белгілері болады. Мектеп оқушысының оқу жұмысы тәсілдерін жеңілдету және жандандыру, танымдық іс-әрекеті (сүйеніш кескіндер, сигналдар) үлкен блоктар арқылы материалдарды оқу және т.б. аса айрықша көрсететін жаңашыл педагогтардың мұғалімдер позициясының бағытын авторитарлықтан демократиялыққа, ізгілік бағытқа ауыстыруға деген ұмтылушылықты айтуға болады, бұл жаңа педагогикалық ынтымақтастық деген бағытқа орын берді. Оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы жаңа технологияларды жатқызуға болады, мысалы: «Ізгілік педагогикасы», «Дамыта оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы»

Жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау бүгінгі таңда педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі технологияларды төмендегідей бағыттарға бөлінетінін көрсетеді: 1. Тұлғаға бағдарлы педагогикалық технология; 2. Ынтымақтастық педагогикасы; 3. Білім беруді ізгілендіру технологиясы (Ш. А. Амонашвили бойынша); 4. Адамгершілікті қалыптастыруға негізделген әдебиетті оқыту жүйесі (Е. Н. Ильин).

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. *Тұлғаға бағдарлы технология* мектептегі білім беру жүйесінде баланың табиғи әлеуетін жүзеге асырып, жан-жақты дамуы үшін ұрыс-жанжалсыз және қауіпсіз жағдай тудыруды басты мақсат етіп қойып отыр. Бұл технологияның негізінде ізгілік философиясы жатыр.

Тұлғаға бағытталған оқыту – бұл педагогикалық қызметтегі әдіснамалық бағдар, ол өзара байланысты түсініктер, идеялар мен тәсілдер арқылы өзіндік тануын, өзін-өзі қалыптасуын және бала тұлғасының қабілеттерінің жүзеге асуын, оның қайталанбас даралығының дамуын қамтамасыз етеді және қолдайды

Ынтымақтастық қарым-қатынас жүйесінде негізгі орынды «мұғалім – оқушы» алады. Мұғалім – оқушы, оқушы – мұғалім, оқушы – оқушы. Оқушы да субъект, мұғалім де субъект. Ендеше бұл екі субъект бірге әрекет етіп ешқайсысы бір-бірінің үстінен қарамайды. Адамгершілік және ынтымақтастық бала өмірінде үлкен орын алады. Сондықтан мұғалім ең алдымен баланың дамуы, келешегі жайлы қамқорлық жасайды. Өйткені олардың өмірге бейімделуі, өмір тәрбиесіне үйренуі мектептен басталады. Міне, осы тұрғыдан қарасақ, ынтымақтастық педагогикасы – құлық педагогикасы.

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі идеясы және оларды оқу-тәрбие үдерісінде қолдану. Тәрбие мақсатын жүзеге асырудың орта және жоғары мектеп зор рөл атқарады.

Амонашвилидің Ш.А.технологиясында негізгі орынды баланың іс-әрекетін бағалау алады. Бағаны қолдану шектеулі, сандық бағалау орнына сапалық бағалау қолданылады, демек мінездеме, қорытынды пакет, өздік талдау жасауға, өзін-өзі бағалауға машықтандыру. Ізгілендіру – бұл баланың жеке басын сыйлау. Педагогикалық үдерістің барлық дәрежесінде ең бастысы адамның өзі болуы тиіс. Сондықтан тұлғаны тәрбиелеу, оның бабын табу мектеп жұмысының негізгі мақсаты болуы тиіс. Ізгілендіру – бұл мектептің баланы өмірге дайындауда тек қана бағдар беруі емес, ол әрбір жас сатысында - балалық шақта, жеткіншектік шақта және жасөспірімдік шақта баланың бүгінгі өмірінің толық құнды болуын қамтамасыз ету.

Сондықтан да Амонашвили Ш.А. «Ізгілікті педагогтың негізгі ұстанымы: баланы сүю, баланы түсіну, балаға әрқашан жағымды әсерлер қалдыру; Мұғалімнің жетекшілік ұстанымы: бала тұлғасының қадірін түсіну ұстанымы, балаға деген сабырдың ұстанымы; Мұғалімге өсиет: баланың ішкі жан дүниесінің түпсіз тұңғықтығына деген сенім, өзінің педагогикалық қабілеттеріне деген сенім, балаға деген ізгілік қадамның күшіне сенім» - деп тұжырымдайды [10].

Сабақта танымдық нәрсе түпкі мақсат емес, қайта бәрінен бұрын, адамгершілік білім ретінде адамгершілік тақырыпты өрбітіп, өткір өріп әкетудің шарты. Өлденені, тіпті көп нәрсені оқушының өзі үйде өз білімін белсене жетілдіруі арқылы және ендігі жерде шамадан тыс күш жұмсамай-ақ «жинақтай» алады. Арнаулы білімді жеке-жара жинақтауға да болады. Ал адамгершілікке бірлескен жағдайда ғана қол жетеді. Ұжымда әсіресе, тәртіптің адамның адамға қарым-қатынасының моральдық негіздеріне жақсы қол жеткізіледі. Адамгершілік жайт «тақырып», «проблематика» тасасында қулана тығылып қалмай, сабақ бетіне ашық қалқып шыға келгенде, балалардың кез келген тапсырманы ынталана орындайтынын байқайсың.

Демократияландыру тұлғаның жан-жақты дамуының мақсаты мен құралы, бұл мектептің ведомстволық мүддеден қоғамның және тұлғаның мүддесі мен мұқтаждығына қарай бетбұруы, бұл мектептің ашықтығы, оған қоғамдық күшті және қоғамдық факторларды (мемлекет, қоғам) қатыстыру. Мектеп – бұл мемлекеттің, сондай-ақ қоғамның және тұлғаның білім жайындағы түсінігін қанағаттандыратын қоғамдық-мемлекеттік танылған жүйе. Тұтас педагогикалық үрдіс барысында оқушының адамгершілік сенімі өмір тәжірибесі арқылы бекіп, әрбір іс-әрекетте, мінез-құлықта адамның бағыт-бағдары айқындалады.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шындай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнындағы тақырыптар бойынша өмірдің әртүрлі жағдайларында адамның өзін-өзі ұстауы, дұрыс шешеім қабылдауы, көмек қолын соза білуінің әдіс-тәсілдерінің сан алуан түрлігі жоғарыдағы сабақтар үлгілерінен көрінеді. Мектептегі әлеуметтік педагогтың кәсіптік іс-әрекеттерінің жүйелілігі маңызды рөл атқарады. Сондықтан болашақ маманның кәсіптік құндылық бағдары кәсіптік қауымдастық шеңберінде дамиды және қоғамдағы ортада және оның мүшелері арқылы тасымалданады. Ол қоғамда жаңа рухани құндылықтарды бекіту, сол арқылы өзінің кәсіптік мүмкіндіктерін кеңітуі және түсінуі, жетілдіруі тиіс, онда педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану маңызды рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана.

2. Назарбаева С.А. Самопознание - возрождение истоков духовности и нравственных ценностей//Самопознание (теория, практика, поиск новых парадигм). Материалы международной научно-практической конференции «Самопознание» - программа гармоничного развития человека» (Алматы, 21-22 октября 2003 г.) Выпуск 2 в трех частях. Часть 1.-Алматы, 2003.-210с.
3. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том.
4. Беспалько В.П.Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. -192с.
5. Монахов В.А. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса.- Волгоград: Перемена, 1995.-260с.
6. Кусаинов А.К., М.Р. Копжасарова Технологии обучения в теории и практике казахстанского школьного образования.//Образование 2005. № 6, - С 63- 68.
7. Сластенин В.А. О моделировании образовательных технологий. //Наука и школа. – 2000.- №4. – с .3-10.
8. Мардахаев Л.В. Словарь по социальной педагогике. –М.: Академия, 2002. -368с.
9. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования //Под.ред. Е.С.Полат. -М.,2005.-272с.
10. Амонашвили Ш.А. Трактат Школа жизни. –М. Издательство дом, 1998. –С.75-78.

ӘОЖ 159.1.21

ТАҢДАП АЛЫНҒАН СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ БАСТАПҚЫ ДАЙЫНДЫҚ ТОБЫНА ТАКТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Алиев Аманбол

Aman20ast@mail.ru

Гумилев атындағы ЕҰУ дене шынықтыру және спорт
мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - С.С.Тасмағамбетов

Спорттық жетістіктердің жоғарғы деңгейге өсуі спорттық ұйымдарға үлкен мақсат қойып, спортшыларды жаңаша дайындауды талап етеді. Көп жылдық спорттық дайындық – спортшылар даярлығының ұйымдық сипатын, тәсілдерді, амалдарының, міндеттерінің алмасып отыруын қамтамасыз етіп отыратын тұтас педагогикалық жүйе. Өз кезегінде спортшыларды даярлау дене сапасын тәрбиелеу мен қимыл біліктілігін, машық пен дайындықты қалыптастырудың оқыту процесінде тиімді үйлесуіне жалпы дене дайындығы (ЖДД) мен арнайы дене дайындығы (АДД) құралдарының өсуіне жүктемелерді бірте-бірте артыру процесін қатаң сақтауға, дене сапаларын бір уақытта дамуы мен жастық кезеңде қолайлы болатын жеке қасиеттерін негізінен дамытуы тиімді қимыл белсенділігіне негізделген.

Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің ұйымдық құрылысы спорттық оқу орындарының қызметіне негізделген. Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің негізгі компоненті болып спорттық бағытта білім беру мекемелері, оның ішінде балалар жасөспірімдер спорттық мектептері, мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорттық мектептері, жоғарғы спорттық мектептері, элитарлы сипаттағы орта арнаулы оқу орындары – олимпиялық резерв мектептері болып табылады. Іріктеу мен бағыт мәселесі әлдеқашан өз алдына ғылым болып саналады. Бала мен жасөспірімдердің мүмкіндіктерін болжай келе бапкер-селекционер алдына келешекте спорттық мамандануына үміттеніп талантты тұлғаларды іздестіру міндетін қояды. Спорттық болжауды жетілдіру мәселесі қазіргі таңда өз еліміздің де, шетелдің де түрлі мамандары тарапынан үлкен проблемалар туындап отыр.

Қазіргі кезде бар көптеген мағлұматтарға қарамастан, талантты спортшыларды іріктеу мен бағыттау мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Спорт мектептеріндегі «спорттық»